

Кәсіптік бағдар және балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы



Психологтың ата-аналармен кездесуі

Дүние жүзінде шамамен 40 000 мамандық, ал Қазақстанда 5000-нан астам мамандық бар.

Жыл сайын 25 млн. адам әлемде өзінің жұмыс орнын айырбастайды, олардың 12%-ы кері қайтады.

Сізді толығымен қанағаттандыратын, жүрегіңізге жақын және материалды тұрғыдан тиімді болатын сол бір жалғыз мамандықты қалай табуға болады.

2017–2030 жылдар аралығындағы ескірген интеллектуалды мамандықтар

2020 жылға дейін

**Сметашы
Стенографшы/ Шифрді
айырып оқушы
Копирайтер
Турагент
Дәріс оқушы
Кітапханашы**

**Құжат жүргзуші/ мұрағатшы
сынақшы
Билет тексеруші
Тұраққа орналастырушы
call-орталық операторы
Лифтер
Пошташы**

2020 жылдан кейін

Заң кеңесшісі

Нотариус

Стоматолог

Талдаушы

Маклер/риэлтор

Хатшы/ ресепционист

Тренер

Логист

Диспетчер

Банктік операцияшы

Журналист

Диагностшы

Бұрғышы

Жүйелік әкімші

Массажшы

Шахтер

Тауарлық құрам машинисі

ЖПҚ инспекторы

Кенші

Дизайнер

Аспазшы

Прораб

Тігінші/етікші

Такси жүргізушісі

Қазақстандағы жоғары талаптағы алдыңғы қатарлы 10 мамандық

1. Инженерлер
2. IT – Мамандары
3. Дәрігерлер
4. Мұғалімдер
5. Маркетинг саласындағы мамандар
6. Менеджерлер
7. Қонақ үй ісінің және туризм саласындағы мамандар
8. Бухгалтерлер – кассирлер
9. Логистика жөніндегі мамандар
10. Биотехнология саласындағы мамандар

Кәсіби өзін табу бағдарына әсер ететін факторлар

- Бейімділіктер (қызығушылық, ынтасы, қабілеті);
- Дене және ақыл – ой өрісінің жарамдылығы;
- Ата-ананың, отбасының көзқарасы;
- Құрбы-құрдастарының көзқарасы.

Мамандық таңдаудағы қателіктер

Өзгеріссіз ретіндегі мамандық таңдауға қарым-қатынас
Жүйелі түрде біліктілікті арттыру, аралас мамандықтарды игеру керек.

Мамандықтың беделділігі туралы тұрмыстық пікірлер
Мамандыққа қатысты ескішілдіктер қоғам үшін кейбір мамандықтар лайықсыз деп есептелетіндігінен көрініс табады (мысалы, қоқыс шығарушы).

Жолдастарының ықпалымен мамандық таңдау (топпен бірге, елден қалмау)

Мамандықты да біз киім мен аяқ киім сияқты өз
«талғамымызға» және «өлшемiмiзге» сәйкес таңдаймыз.

Көзқарасты адамға, қандай да бір мамандық өкiлiне, мамандықтың өзiне көшiру

Мамандық таңдағанда, саған мамандық ұнағаннан
немесе қызметтiң осы түрiмен айналысатын бiр адам
ұнағындықтан емес, осы қызмет түрiнiң ерекшелiгiн
ескере отырып таңдау қажет.

Мамандықтың тек сыртқы жағына немесе бір жеке қырына қызығу

Актер сахнада жасаған образдың жеңілдігінің артында күнделікті ауыр еңбек бар.

Оқу пәнін мамандықпен сәйкестендіру немесе бұл түсініктердің айырмасын нашар білу

Шет тілі деген пән бар, ал тілді білуді қажет ететін мамандықтар өте көп – аудармашы, экскурсовод, халықаралық байланыс телефонисті және т.б. Сондықтан мамандық таңдағанда, осы мамандықты алуда қандай нақты сабақтар оқылатыны және мамандық алынатыны ескерілуі тиіс.

Материалдық өндіріс саласындағы еңбек сипаты туралы ескі түсініктер

Барлық мамандықтарға, әсіресе жұмысшы мамандықтарға күрделі және қызықты техника ендірілуде, еңбек мәдениеті артуда.

Өзінің жеке қасиеттерін (бейімділіктерін, қабілеттерін) түсіне білмеуі / түсінуді қаламауы

Өзіңді түсінуге кәсіптік кеңесшілер, ата-ана, мұғалімдер және жолдастар көмектеседі. Сонымен қатар психологиялық тесттер, және көпшілікке арналған психология тақырыбындағы мақалалар мен жарияланымдар себін тигізеді.

Мамандық таңдаған кезде, маңызды болып табылатын өз дене күші ерекшелігінді, кемшіліктерінді білмеу / жете бағаламау
Сізге қарсы көрсетілімі бар мамандықтар болады, себебі олардың сіздің денсаулық жағдайыңызды нашарлатуы ықтимал.

Мамандық таңдаған кезде шешім қабылдаудағы, міндетті ойластырғандағы негізгі әрекеттерді, операцияларды және олардың ретін білмеу

Сіз математикадан есеп шығарғанда, белгілі амалдарды белгілі бір ретпен орындайсыз. Мамандық таңдағанда да солай жасаған дұрыс.

Ата-аналарға ұсыныс

Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз

Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып, талқылаңыз.

Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз

Мамандық таңдар кезде тек материалдық пайданы ойламай, балаңыздың рухани қанаттануын да ойлаңыз

Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, көмекші мамандармен ақылдасыңыз.

ҒАЛАМТОР:

Жағымды
жақтары?



Жағымсыз
жақтары?



СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗДЕР:



- ✓ Ғаламтор бізге қандай жақсы нәрселер береді? Пайдасы қандай?
- ✓ Бала Ғаламтор желісінде болғанда оған қандай қауіптер кездесуі мүмкін?



Ғаламтор: жақсы ма, жаман ба?



ЖАҚСЫ	ЖАМАН
Оқуда көмек береді	Ұнамсыз сайттар,, контент
Ал да, жаса	Алаяқтар
Музыка	Арам ниетті қаскүнемдер
Мультфильмдер, фильмдер	Кибербуллинг
Дамытушы ойындар	Тәуелділік
????	????

Желідегі қауіп - кибербуллинг

Кибербуллинг – Ғаламтор технологияларының көмегімен жүзеге асыралатын қудалау түрі. Оның түрлері сан-алуан – тіл тигізу, бопсалау, қоқан-лоқы көрсету, жала жабу, алымсақтық.

ШЫҒАРЫП ТАСТАУ

баланы барлық ортақ онлайн-әңгімелерден шығарып тастау

ХЕЙТИНГ

нақты бір адамға бағытталған комментарий және хабарлама түріндегі негізсіз сын айту

КИБЕРСТАЛКИНГ

құрбанды қудалау мақсатымен гаджеттерді пайдалану, құрбанға және оның отбасы мүшелеріне үздіксіз қоқан-лоқы көрсету

ТРОЛЛИНГ

құрбанды келемеждеу мақсатымен веб-сайттарда, әлеуметтік желілердің парақшаларында агрессияға толы ақпарат жариялау

ГРИФИНГ

басқалардың ойыннан рахат алуына кедергі жасау мақсатымен онлайн ойындарда онлайн ойыншыларды қудалау

СЕКСТИНГ

жалаңаш және жартылай жалаңаш адамдар бар фото және бейнематериалдарды жіберу немесе жариялау

Бала (жасөспірім) кибербуллинг құрбанына айналғанының негізгі белгілері:

- ✓ көңіл-күйі өзгеріп, мазасы кетіп, мұңая түседі
- ✓ телефонды бұрынғыдан сирек қолдана бастайды
- ✓ әлеуметтік желілердегі парақшаларын өшіріп тастайды
- ✓ долылық пен өшпенділік сезімдері пайда болады
- ✓ қорқыныш – алаңдау үшін әрдайым жеткілікті себеп. Егер бала үнемі қорқып жүргендей көрінсе, ол кибербуллинг құрбанына айналғаны әбден мүмкін. Аталған белгілер басқа түйіткілді мәселелерді сипаттауы да мүмкін. Бірақ, кибербуллингіктің қатерлілігін бірінші кезекте анықтап, шешіп алу қажет

Егер үрейлі белгілерді байқасаңыз (кибербуллинг)

- ✓ Баланың сезімдерін елеусіз қалдырмаңыз
- ✓ Болып жатқан жайтқа шынайы қызығушылық білдіріңіз
- ✓ Баламен күнделікті сөйлесіңіз және қолдау көрсетіңіз
- ✓ Баланың көңіл-күйін және мінез-құлқын мұқият бақылаңыз
- ✓ Балаға сіздің көмегіңізге жүгіне алатынын, сізге және осындай жағдайларда кәсіби көмек көрсететін адамдарға сенім арта алатынын жеткізіңіз;
- ✓ Баланы буллинг және кибербуллинг жайттары туралы ересектерге айтуға үйретіңіз.

Егер балаңыз кибербуллингке тап болса:

- үшінші тұлғаны (педагогты, мектеп әкімшілігін) қатыстыра отырып, жанжалды баланың заңды өкілімен реттеуге тырысыңыз
- скриншоттар түрінде кибербуллинг дәлелдерін қоса тіркей отырып, сот органдарына/полицияға жүгініңіз

Анықтап алыңыз: балаңыз кибербуллингке тап болды ма, әлде өзі қудалауды бастап отыр ма!

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АҚПАРАТ БЕРІҢІЗДЕР!


ӘРЕКЕТТЕР

- Фотосуреттердің астына жағымсыз комментарий қалдыру (постинг);
- Тіл тигізетін хабарламалар;
- Адамды келемеждейтін суреттер мен бейнематериалдар жасау;
- Тіркеулік жазбаға бұзып кіру және оның иесі атынан хабарламалар жариялау.

САЛДАР

Қылмыстық жауапкершілік

- ✓ жала жабу үшін (ҚР ҚК 130)
- ✓ тіл тигізу үшін (ҚР ҚК 131)



Кәмелетке толмаған балалардың әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылатындар:

- ата-аналары, заңды өкілдері (ӘҚБК 127 бабы);
- балалар орналастырылған мемлекеттік мекемелер (ӘҚБК 127-1 бабы)

Сіздің балаңыз-ертеңгі азамат!

- Бала ұрсу мен ұру, ащы айқай мен жекіруден, жазалаудан гөрі, ата-ананың пайдалы кеңестерін, қаталдық пен таяқтан гөрі мейірім мен қамқорлықты, ата-ана сүйіспеншілігін қажет етеді. Бірақ өкінішке қарай, біз сүйіспеншілікпен қарай бермейміз.
- Бала өзін үлкендер тарапынан жасалатын психологиялық қысым мен күш көрсетуден қорғауға дәрменсіз келеді. Бірақ балалар біздің қылығымызды, бір-бірімізге қарым-қатынасымыздағы айқайға, дөрекілігімізге, қаталдығымызға, егер осының бәрін көзінше істесек тез үйреніп алады.
- Үйдегі заңсыздыққа бойы үйренген бала басқаның да құқығын сыйламайтын, ол туралы ойланбайтын болады. Керісінше жанұяда жақсы қарым-қатынаста өскен бала ертең қайырымды болып өседі. Баланы түзу өсіретін қорқыту-үркіту емес, оның еркін өсуі жан-жақты дамуына игі әсер етеді. Біз үйдегі балаға абайламай айтқан сөзіміз, ойланбай істеген қылығымыз кей кезде баланың қылығына байланысты емес, өзіміздің шаршағанымыздан, келеңсіздіктерімізден, жолымыз болмаудан, реніштерден болуы да мүмкін.
- Осындай сәттегі балаға деген айқайымыз, оны ештеңеге үйретпейді, оны қорлайды, жасық қылады, өмірге деген құштарлығын тежейді.

Осы кездесу барысында жеткіншектердің психикалық даму ерекшеліктеріне тоқталдық, сонымен қатар балаларды ғаламтор желісінде күтіп тұрған қауіптерді, кибербуллинг түрлері және белгілерімен әрі қолдау және көмек көрсету жолдарымен таныстық.

**ӘРҚАЙСЫСЫҢЫЗҒА БАЛА КИБЕРБУЛЛИНГКЕ ТАП
БОЛҒАНДА**

**АТА-АНА НЕ ІСТЕЙ АЛАТЫНЫН ЖӘНЕ
ҒАЛАМТОР БАЛА ҮШІН ҚАУІПСІЗ ДОСҚА АЙНАЛУЫ ҮШІН
ӨЗІМІЗДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК ЕКЕНІ
ТҮСІНІКТІРЕК БОЛДЫ ДЕП ҮМІТТЕНЕМІЗ**

**Көңіл бөлгендеріңізге рақмет!
Сұрақтарыңыз болса, менімен
келесі байланыс мәліметтері
арқылы хабарласа аласыздар:
педагог-психолог
Жақаева Айша Кадырсызқызы
тел. 8 701 331 13 60**